

Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 7 қазандағы N 69/14 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 8 қарашада N 3052 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Баянауыл ауданы әкімдігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы" N 75/5 қаулысына, Баянауыл ауданы мәслихатының (III сайланған IX сессиясы) 2005 жылғы 19 мамырдағы "Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына өзгерістер енгізу туралы" N 135 шешіміне, облыс әкімдігінің 2005 жылғы 26 шілдедегі "Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышындағы өзгерістер туралы" N 247/6 қаулысына сәйкес және ауылдық округтері әкімдерінің ұсыныстарын ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы Баянауыл ауданының әкімшілік-аумақтық құрылышына мұнадай өзгерістер енгізілсін:

Ақсан селолық округінің Жапалақ, Қамбаба, Маяжон ауылдары, Бірлік селолық округінің Қарашоқы, Подхоз ауылдары, Жаңажол селолық округінің Ербай ауылы, Жаңатілек селолық округінің Бәлтен, Ертісбай, Жуантөбе ауылдары, Қаратомар селолық округінің Верхний подхоз, Қаратомар, Нижний подхоз ауылдары, Құндықөл селолық округінің Жапа, Қарашат, Қызыләскер, Сарыжал ауылдары, Құркелі селолық округінің Жәнібек, Қызылшілік, Сарыөлең ауылдары, Қызылтау селолық округінің Ақтөбе, База 19, Естекбай, Иса, Қарашоқы, Қобдық, Қызыл Октябрь, Қызылтау, Мерген, Рақыш, Старый угольный ауылдары, Сәтбаев селолық округінің Айрық, Бүркітті ауылдары, Торайғыр селолық округінің Верхний Қызыл, Жарықияқ, Қайнақ, Малдыбұлақ, Сарықамыс ауылдары, Ұзынбұлақ селолық округінің Әлке, Амантау, Егінтөбе, Отделение 2, Отделение 4 ауылдары елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты таратылсын және есептік деректерден шығарылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы А.Касицин

Облыс әкімі Қ.Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы Р.Гафуров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК